



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2019 ж. Сәуір айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (4,9%)
- Шикі мұнай өндіру күрт қысқарды
- Мұнай өндірудің төмендеуі нәтижесінде көлік және көтерме сауда қызметтерінің өсуі баяулады
- Өңдеуші өнеркәсіп экономиканың өсуіне айтарлықтай қолдау көрсетті
- Инвестициялар жоғары деңгей қалып, экономиканың өсуіне оң әсер етті

I. ИНФЛЯЦИЯ

2019 жылдың сәуір айының соңында айлық инфляция 0,5% құрады.

Азық-түлік тауарларының бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,9% - ға өсті. Нан өнімдері мен кондитерлік өнімдердің қымбаттауының себебі, сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігінен туындаған қаңт бағасының өсуі (2,4% -ға) және жалғасып келе жатырған ұң бағасының (3,5% -ға) қымбаттауы болып табылды. Сонымен қатар 2019 жылдың сәуір айында экспорттық жеткізілімдердің артуы аясында ет және ет өнімдері бағасы өсті (0,9%).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,4%-ға өсті. Киім, аяқ киім, дәрі-дәрмектер мен автокөліктер бағасының өсуі азық-түлік емес тауарлардың инфляциясына жоғары қысым көрсетті. Бұл өсім нарықтағы ұсыныстың артығымен байланысты бензин және дизель отының бағаларының төмендеуімен өтелді.

2019 жылдың сәуір айында **қызметтердің бағасы** 0,1% - ға өсті. Бағаның едәуір өсуі амбулаториялық, шаштараз, қоғамдық тамақтандыру, демалыс қызметтеріне белгіленді.


Жылдық инфляция 2019 жылдың сәуірінде 4,9% - ға дейін өсті, оның себебі азық-түлік тауарларының бағасының өсуі (7,1%) болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар жыл ішінде 6,0% -ға, ақылы қызметтер - 1,2% -ға өсті.

Халықтың бір жылдан кейін күтіліп отырған инфляцияға қатысты жауаптарының нәтижелері бойынша **инфляциялық күтулер** 2019 жылдың сәуір айында өзгеріссіз қалды және 4,5% құрады.


Нақты сектордағы кәсіпорындардың сауалнамасының нәтижелері 2019 жылдың екінші тоқсанында баға өсуінің жеделдетуін күтетін кәсіпорындардың үлесінің төмендеуін көрсетеді.

Ұлттық Банктің болжамдары бойынша 2019 жылы жылдық инфляция 4-6% нысаналы дәліз ішінде сақталады.


1-график. Тұтыну бағалары индексі, ж/ж



2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2019 жылдың бірінші тоқсаны бойынша нақты көрсеткіші 3,8%-ға ұлғайып 13,2 трлн. теңгені құрды.


ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (3,2%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (1,6%-ға), көтерме және бөлшек сауда (7,2%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,4%-ға), құрылыс (8,9%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2018 жылдың 9 айы қорытындысы бойынша **4,1%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

4-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

5-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша


III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында **қысқа мерзімді экономикалық индикатор** 4,1% - ға өсті.

Көрсеткіштің біршама баяулауына мұнай өндіру көлемінің төмендеуі, сондай-ақ құрылыста, көтерме саудада және көлікте өсімнің баяулауы әсер етті. Сонымен қатар негізгі капиталға инвестициялар өсімінің аздаған баяулауы байқалды.

Машина жасауда, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіруде, тамақ өнімдері мен сусындарды өндіруде өндіріс көлемінің ұлғаюы аясында өңдеу өнеркәсібі өсуге айтарлықтай серпін берді. Сондай-ақ, халықтың ақшалай кірістерінің өсуі аясында ішкі сұраныстың күшеюі бөлшек сауданы жылдамдатты.

6-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




— жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



7-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың ең үлкен мәні аймақтық деңгейі бойынша (ҚЭИ) **Шығыс Қазақстан облысында** тіркелді. Бұл өсім негізінен мыс, алтын рудалар мен концентраттардың өндірілуімен байланысты. Бұдан басқа, тазартылған алтын мен жеңіл автокөліктер өндірісі артты. Өңірдің дамуына құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы және байланыс салаларының оң әсері де тигізді.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында ҚЭИ-ң ең үлкен төмендеуі, ең алдымен, өнеркәсіпте өндіріс көлемінің, атап айтқанда, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

Маңғыстау облысында ҚЭИ-ң төмендеуі, бұл өнеркәсіпте, құрылыс, сауда және байланыс көлемінің төмендеуіне байланысты.

Қарағанды облысы өнеркәсіпте өндіріс көлемінің азаюына: шойын, алмаспайтын болат, жазық болат және оқшауланған сым өндіруі әсер етті.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2019 жылдың қаңтар-сәуір айлары бойынша **өнеркәсіп өндірісінің** көлемі 2,9%-ға артты. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі еліміздің 13 өңірінде байқалды.

Қарағанды облысындағы көмір мен лигнит, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында шикі мұнайды өндіру, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында газ конденсатын өндірудің төмендеуі нәтижесінде **тау-кен өнеркәсібіндегі өсім** 2,6%-ды құрды, бұл 2019 жылдың қаңтар-наурыз айлармен салыстырғанда біршама баяулады. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне металл кендерін (14,0% -ға) және кен өндіру өнеркәсібінің басқа салалары (2,8%-ға) өндісі оң үлесін тигізді.

Өңдеу өнеркәсібі өндіріс көлемінің өсуі 3,5% құрды. Өсуге айтарлықтай үлес машина жасау (19,8%), кокс және мұнай өнімдері (7,6%), сусындар (22,0% -ға) өндірісінің өсуімен қамтамасыз етілді. Металлургия өнеркәсібі (2,5% -ға), темекі өнімдерін (10,5%) өндіруінің төмендеуі байқалды.

Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы 2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында 1,9% -ды құрды. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол (0,5%-ға өсім) және автомобиль (9,7%) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті. Жолаушылар айналымы теміржол мен автокөлік жолдары мен қалалық көліктердің өсуі нәтижесінде 4,1%-ға өсті.


Құрылыс саласы жоғары өсуді жалғастыруда. 2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында өсім 8,4%-ты құрды. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі өндірістік объектілер, тұрғын үйлер мен инженерлік құрылыстарды салу және жөндеу бойынша жұмыстары жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының төмендеуі Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында және Ақмола, Маңғыстау облыстарында байқалды.

Ауыл шаруашылығы өндіріс көлемінің ұлғаюы 2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында 3,6%-ға өсті. Өнеркәсіптегі өсімнің негізгі қозғаушы күші мал шаруашылығы (3,7%-ға өсім) болып табылады, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғайуына байланысты. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлемі өзгеріссіз қалды.

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі 2019 жылдың қаңтар-сәуірде 7,3%-ға өсті. Нақты ақшалай табыстың өсуіне, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты бөлшек тауар айналымының өсуі 5,3%-ды құрады. Көтерме сауданың 8,0%-ға өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар, оның ішінде шикі мұнай мен металдар сату көлемінің артуымен байланысты болды.

Байланыс қызметтерінің көлемі 2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында 0,5% -ға өсті. Интернет қызметтері, сондай-ақ деректерді беру қызметтері байланыс саласында ең танымал түрлері болып қала береді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Есепті кезең ішінде экономикалық агенттердің инвестициялық белсенділігінің біршама баяулауы байқалды. 2019 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға инвестициялар 2,9 млрд. теңгені құрап, 6,7% өсті (8-кесте).

2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда инвестициялардың өсуі тау-кен өнеркәсібінде (28,2%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (3,6%-ға), ауыл шаруашылығында (57,0%-ға) және құрылыста (40,7%-ға) байқалды. Инвестициялық тартымдылық өңдеу өнеркәсібі (инвестициялардың 45,8%-ға төмендеуі), көтерме және бөлшек сауда (6,0%-ға), көлік қызметтері (35,2% -ға) сияқты салаларда төмендеуі жалғастыруда.

Салалық бөлуде инвестициялардың ең танымал бағыттары өнеркәсіп секторы (инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 68,3% -ға тең), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (үлесі 12,2%), көлік қызметтері (үлесі 6,9%), ауыл шаруашылығы (үлесі 3,0%) болып табылады.

Шығындар түрлері бойынша қаражаттың ең көп бөлігі (39,9% үлесі) ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге бағытталады. Бұл ретте жабдықтар мен машиналарды сатып алуға – 32,2%, ал басқа шығындарға – 27,9%.


Ел өңірлерінің бөлінісінде барлық инвестициялардың жартысына жуығы (46,1% үлесі) Атырау облысына жіберіледі, қалған өңірлерде бұл көрсеткіш 10% -дан аспайды. Мәселен, Алматы қаласында инвестиция үлесі 6,6%, Қарағанды облысында – 5,0%, Шығыс Қазақстан облысында-5,0% құрайды. Шымкент қаласында қала мәртебесінің өзгеруіне қарамастан, инвестициялардың үлесі төмен деңгейде сақталуда (үлесі 1,7%).

Негізгі капиталға инвестициялардың шамамен 36,3% шикізаттық емес секторға (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) жіберілді.

Инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялар үлесі 64,0%, ал сыртқы инвестициялар – 36,0% құрады. Инвестициялардың басты көзі бұрынғысынша кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қалуда (9-кесте).

Анықтама: 2019 жылғы 2 тоқсанда Ұлттық банк жүргізген экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы қаражатының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестікті, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі мен пайданың жеткіліксіздігін атап өтті (10-кесте).

8-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰАМ СК деректері бойынша


9-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰАМ СК деректері бойынша

жауаптар %-бен

10-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша





VI. Сыртқы сауда айналымы

2019 жылдың қаңтар-наурыз айлары бойынша сыртқы сауда айналымы 3,7%-ға азайды, оның ішінде экспорт 3,3%-ға, импорт 2,8%-ға төмендеді. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 5,6%-ға төмендеді. Бұл тауар тобының экспортының төмендеуі Италиямен Нидерланд елдерінің сұранысының сәйкесінше 16,8%-ға және 50,6%-ға азаюымен байланысты болды. Сонымен қатар машина және жабдықтар (63,7%-ға), былғары шикізаты мен аң терісі (42%-ға), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (10,6%-ға) және құрылыс материалдары (9,2%-ға) экспорты айтарлықтай азайды. Экспорттың құрылымында айтарлықтай өсім жануарлар мен өсімдік өнімдері (12,1%-ға), химия өнеркәсібінің өнімдері (27,8%-ға), ағаш және орман өнімдері (10,2%-ға), тоқыма бұйымдарына (46,7%-ға) және өзге де тауарлар тобы бойынша (17,4%-ға) байқалды.

ЕО елдері (үлесі 44%), Қытай (үлесі 13,7%), ТМД елдері (үлесі 13,8%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,1%.

Импорт құрылымында ағаш және орман өнімдері (33,9%-ға), минералдық өнімдер (28,3%-ға), жануарлар мен өсімдік өнімдері (28,3%-ға), машина және жабдықтар (3,1%-ға). Сонымен қатар айтарлықтай өсім аяқ киім, бас киімдер, галантереялық бұйымдарға (54,9%-ға), текстиль бұйымдарына (21,6%-ға), терілерге (15,8%-ға), металдарға (8%-ға) және құрылыс материалдарына (5,4%-ға) байқалды.


Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 44%), ЕО елдеріне (үлесі 17,5%) және Қытайға (үлесі 14,8%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

13-график. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың 1-ші тоқсанында 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,9%-ға өсіп 8732,6 мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95%). 2019 жылдың сәуір айында жұмыспен қамтылған халық саны 8753,6 мың адамды құрады.

2019 жылдың бірінші тоқсанында экономика салалары бөлігінде (2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда) алғаш рет құрылыс саласының өсуі аясында құрылыста жұмыспен қамтылғандар санының өсуі 3,2% - ға белгіленді. Бұдан басқа, жұмыспен қамтылған халықтың өсімі көтерме және бөлшек саудада (2% - ға), көлік және қоймалауда (0,4% - ға), білім беруде (1,3% - ға), денсаулық сақтауда (1,0% - ға) байқалады. Жұмыспен қамтылғандардың қысқаруы жылжымайтын мүлікпен, ақпарат пен байланыста, кәсіби және ғылыми-техникалық қызметте тіркелген.


Жұмыспен қамтылғандардың ең көп саны саудада (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 16,0%), ауыл шаруашылығында (13,8%), білім беруде (12,6%), өнеркәсіпте (12,6%) жұмысқа орналастырылған.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (15,8%-ға), Атырау облысында (6,1%-ға), Алматы (2,7%-ға), Шымкент (3,1%-ға) және Астана (3,9%-ға) қалаларында байқалды.


2019 жылдың сәуірінде жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында ресми тіркелген жұмыссыздар саны 160,7 мың адамды құрады (жұмыс күшінен 1,8%).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2019 жылдың бірінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өткен тоқсандарға қарағанда төмендеуін жалғастырды. 2019 жылдың бірінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,2%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 20,8% сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2019 жылдың бірінші тоқсанында үлесі 71,4% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың наурыз айында Статистика комитетнің алдын ала деректері бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 9,4%-ға ұлғайып, 170,1 мың теңгені құрады.

2019 жылдың бірінші тоқсанында жалдамалы қызметкерлердің атаулы жалақысы 10,5% - ға, нақты жалақы-5,2% - ға өсті.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы нақты ақшалай табысы Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша 2019 жылғы наурызда 9,7%-ға, 2019 жылғы қаңтар – наурызда 9,4% - ға өсті.

Салалар бөлігінде 2019 жылдың бірінші тоқсанында тұру және тамақтану, өнер, ойын-сауық және демалыс жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ өзге де қызметтер түрлерін қоспағанда, барлық салалар бойынша нақты жалақының өсуі байқалды. Нақты жалақының едәуір өсуі ауыл шаруашылығында (10,9%-ға), кәсіби ғылыми-техникалық қызметте (10,7% - ға), ақпарат және байланыста (10,6% - ға), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметте (10,3% - ға), білім беруде (9,6% - ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (9% - ға), денсаулық сақтауда (8,4% - ға), саудада (7,2% - ға) тіркелді.


Өңірлер бөлігінде 2019 жылдың бірінші тоқсанында атаулы жалақының ең жоғары мәні Атырау облысында (322,7 мың теңге), ең аз мәні – Түркістан облысында (109 мың теңге) тіркелді.

2018 жылы экономикадағы еңбек өнімділігі 3,4% - ға өсті. Салалар бөлінісінде ауыл шаруашылығында (10,5% - ға), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда (6,5% - ға), өнеркәсіпте (4,0% - ға), саудада (3,9% - ға) және құрылыста (2,4% - ға) едәуір өсім байқалды.


2018 жылдың қорытындысы бойынша сауда мен ауыл шаруашылығынан басқа экономиканың барлық негізгі салаларында нақты жалақының өсу қарқыны еңбек өнімділігінің артуынан озады.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша